

3-тақырып.

**Меншік және экономикалық
жүйе.**

● **Жоспар:**

1. *Меншік - қоғамдық қатынастар жүйесінің негізі ретінде*
2. *Меншік және оның мазмұны, түрлері және формалары*
3. *Экономикалық жүйе түсінігі және түрлері*

*1. Меншік - қоғамдық қатынастар жүйесінің
негізі ретінде*

Меншік-өте күрделі және көп қырлы құрылым. “Меншік” ұғымы - әрбір экономикалық жүйенің іргетасы болып табылады. Ол тарихи түрде адаммен, қоғаммен бірге пайда болады, ал алғашқыда бұл ұғым жермен байланыстырылды. Сондықтан да меншік адамның дайын өнімдерге, жерге емес, оның табиғи және өндіріс жағдайларына қатынасын байқатады. Мұнда адам өндіруші ретінде және өндіріс құрал-жабдығын иеленуші ретінде көрсетіледі (жер - қоғамдық өндірістің басты құралы). Материалдық игіліктерді өндіру нәтижесінің арқасында адамдарға өндіріс

- Меншік — қоғамдық қатынастар жүйесінің негізі болады. Ол формасын эволюциялық, революциялық екі жолмен өзгертеді және әлеуметтік топтардың қоғамдағы орнын анықтайды. Меншіктің барлық формалары өзара байланысты болады және ол тарихи дамудың нәтижесі болып табылады.
- Өткен дәуірдегі ойшылдар экономикалық меншіктің мәні мен мазмұнын қарастыруда ерекше қадам жасады. Физиократтар мектебінің негізін қалаушы француз экономисі Франсуа Кенэ (1694-1774 жж.) “Экономикалық кесте” (1758) деген еңбегінде меншікті көбейту процессінде еңбек өнімділігі ролінің басымдығын көрсеткен. Әуелден физиократ болған ол, еңбекшінің егін шаруашылығында басымдығын қолдап, оны барлық байлық пен әл-ахуалдың қайнар көзі деп санаған.

Меншіктің пайда болу табиғатына зор үлес қосқан классикалық экономикалық ғылым өкілдері: Уильям Петти, Давид Рикардо және Адам Смит болды. Олар алғашқы рет қоғамның топқа бөлінуін көрсетті (жалдамалы жұмысшы, капиталист және жер иеленуші).

Батыстың қазіргі экономикалық мектебінің өкілдері американдық экономистер - Рональд Коуз (1910 ж.) және Армен Алчиан (1914 ж.) меншік теориясына үлкен үлес қосты. Бұл теория кейінірек Й. Барцель, Г. Демесц, Д. Нарт, Р. Познер және басқалардың еңбектерінде өзінің жалғасын тапты.

2. Меншік және оның мазмұны, түрлері және формалары

Меншік - өндірістер, ресурстар, өндірілген материалдар және рухани игіліктердің жағдайларын меншіктеу қатынасын білдіреді.

Меншік заңды және экономикалық категория болып табылады. “Меншік” термині екі мағынада қолданылады:

- а) құқық мағынасындағы меншік немесе заң жүзінде, құқық бойышша;
- ә) экономикалық мағынадағы меншік немесе іс жүзінде, нақты;

Меншікті заңды тұрғыдан қарастырғанда ол формальды және нақты құқықпен байланысты. Формальды құқық немесе меншік титулы - ресми, заңды түрде рәсімдеу және меншікті мойындау. Нақты құқық - шаруашылықпен айналысатын субъектілердің өзара іс-әрекеттерімен, барлық шектеулерімен болатын шын мәнінде нақты өмірде бар қатынастарды білдіреді.

Экономикалық мағынада меншіктің құрамына келесі элементтер кіреді:

а) материалдық игіліктерді меншіктеу (өндіріс құралдарын және өндіріс нәтижелерін);

ә) мүлікті шаруашылықта қолдану;

б) экономикалық табыс алу.

Меншіктің заңды құқығы Римдік құқықтың дәстүрлі терминдерімен анықталады:

Иемдену - заңға негізделіп өз шаруашылығында нақты бір мүлікке ие болу мүмкіндігі;

Пайдалану - берілген мүлікті заңға негізделіп тұтыну мүмкіндігі;

Басқару - заңға негізделіп мүліктің тағдырын анықтау мүмкіндігі.

Меншікті экономикалық тұрғыдан қарастырғанда иемдену категориясымен байланысты.

Иемдену - адамның оны қоршаған ортамен жалпыға ортақ әмбебап байланысы, адамның мүлікпен кез-келген өзара әрекеттесу қатынасы. **Иелену** - мүліктен ұзақ уақыт аралығында пайдалы қасиеттердің жиынтығын алумен сипатталады (меншік объектісін жою немесе айыруға жол берілмейді). Иеленуші шын мәнінде меншік объектісін қолданудағы меншік иесінің дәнекершісі болып табылады. Кейбір уақытта өндіріс құралдарын иемденушілер құру, жасау қызметтерімен өздері айналыспайды: олар басқа іскер адамдарға өздерінің мүліктерін шаруашылық мақсаттарында белгілі шарттармен қолдануға мүмкіндік береді. Бұл кезде меншік иесі мен кәсіпкердің арасында мүлікті шаруашылық мақсатында қолдану қатынастары орнатылады.

Кәсіпкер басқа адамның меншігіндегі затты уақытша иелену мен пайдалануға нақты мүмкіндік алады. Басқа адамдардың меншігін шаруашылықта пайдаланудағы қатынастарға мысал келтірсек: жалға беруді айтуға болады. Жалға беру - бір адамның мүлігін екінші адамға белгіленген ақымен уақытша пайдалануға беру туралы келісім.

Меншіктеудің жоғарғы формасы **билік ету** болып есептеледі. Бұл жерде еңбекші мен меншік иесі бір тұлға болып есептеледі. Меншік иесі барлық құқыққа ие болады, соның ішінде иеліктен шығаруға да құқығы бар.

Тарихта өндіріс құралдарына меншіктің алуан түрлі типтері мен түрлері белгілі.

Меншіктің екі түрін ерекшелейді: **жеке** және **мемлекеттік**, және олардың әрқайсысының бірнеше формалары бар. **Жеке** меншікте мүлік немесе ресурс иесі бір тұлға немесе жанұя болады. Қор жинақтау сипаты бойынша жеке меншік екіге бөлінеді: еңбек және еңбектік емес. Еңбек меншігі кәсіпкерліктен түскен пайдадан, жалақыдан қалыптасады. Еңбектік емес меншігі мұрагерліктен қалған мүліктен, бағалы қағаздардан, депозиттерден және т.б. түскен пайдадан құрылады. Жеке меншік формасы ұжымдық меншік болып табылады. Ұжымдық меншікке кооперативтік мысал бола алады: кооператив мүшелерінің бірлесіп қызмет жасау мақсатында қаражаттары мен еңбектерін біріктіру негізінде құрылады. Сол сияқты, бұған акциялар сату негізінде құрылған акционерлік ұжымдар да мысал бола алады.

Мемлекеттік меншікте меншік субъектісі мемлекет болып табылады. Басқару мен билеуді мемлекеттік билік органдары жүзеге асырады. Мемлекеттік меншікті ең басты ерекшелігі оның бөлінбестігі.

Мемлекетсіздендіру (мемлекет меншігінен алу) деген ұғымды былайша түсінуге болады, кәсіпорындарды басқаруда мемлекеттік органдардың функцияларын қысқарту, шешім қабылдауда кәсіпорындардың құқықтарын кеңейту процесі.

Жекешелендіру - мемлекеттік меншіктің кез-келген басқа мемлекеттік емес меншік түріне ауысу процесі.

Мемлекетсіздендіру (мемлекет меншігінен алу) және жекешелендіру келесі формаларға іске асуы мүмкін:

-мемлекеттік мүлікті келешекте сатып алу мақсатымен жалға беру;

-мемлекеттік кәсіпорындардың акционерлік қоғамдарға айналуы;

-мемлекеттік кәсіпорындарды конкурс бойынша немесе аукционда сату;

—мүлікті еңбек ұжымдарына немесе жеке тұлғаларға қайтарымсыз беру.

Әлемдік тәжірибе жеке меншіктің мемлекеттік меншіктен гөрі тиімді екенін көрсетті. Сондықтан ХХ-ғасырдың 90-шы жылдарында Қазақстанда экономикалық реформаның жүру барысында мемлекеттік меншікті жеке меншікке айналдыру болып өтті. Бұл процесс жекешелендіру деген атауға ие болды. Жекешелендірудің нәтижесінде Қазақстанда меншіктің көптеген түрлері қалыптасты. 1991 ж. ҚР Конституциясы алғаш рет жеке меншік құқығын анықтады, осы уақыттан бастап жекешелендіру мен мемлекетсіздендіру мәселелерінде алғаш қадамдар жасалды. «Меншік туралы», «Мемлекетсіздендіру және жекешелендіру туралы» Заңдар жекешелендірудің заңды негізі болып табылады.

1991-1992 ж.ж. - мемлекет меншігінің реформасы кең көлемде нарықтық экономикаға көшуге жағдай жасау үшін жүргізілді. Бұл кезде мемлекеттік меншікті мемлекет иелігінен алу жекешелендіру жүзеге асырыла бастады. Негізгі мақсат өндірістік қатынастардың жаңа түрін қалыптастыру, меншік иелерінің жаңа тобын құру. Мемлекеттік меншікті азаматтарға бағалы қағаз түрінде мүлкін бөліп беруді көздеді. Бұл кезде ашық аукциондар мен конкурстар арқылы шағын, орта кәсіпорындар жекешелендірді.

1993-1995 ж.ж. – мемлекет иелігіндегі мүлікті халыққа қайтару арқылы нарыққа көшу жағдайын жасауы. Бұл кезеңде шағын және жаппай жекешелендіру жүргізілді. Мұндағы негізгі мақсат нарықтық экономикаға өту жағдайын қалыптастыру, мемлекет иелігінен алу барысында әлеуметтік әділеттілікті сақтауға, жекешелендірудің тәртіппен, мемлекеттің бақылаумен жүзеге асуын қамтамасыз ету. Жекешелендірудің әртүрлі бағыт бөлімінде халықтың меншік деген құқығы инвестиция тарту, оның ішінде шетелдік инвестицияларды мүмкіндігі жүзеге асуына жағдай жасалды.

1996-1998 ж.ж. экономикадағы жеке сектордың басымдылығымен қатар мемлекеттің халыққа мүлікті қайтаруының аяқталуы. Бұл кезеңде басты мақсат жекешелендіру саясатын аяқтау, экономикадағы жеке меншік үлесін арттыруы және тұрақтандыру, осыған байланысты жаппай жекешелендірумен бірге жекелеген жобалар бойынша жекешелендіру жүргізілді.

1999-2000 ж.ж. – мемлекеттік меншікті басқару мен жекешелендіру заңдылық негізін жетілдіру және басқарудың тиімділігін көтеру. Мемлекеттік үлеске қатысы бар кәсіпорындар белгіленді.

3. Экономикалық жүйе түсінігі және түрлері

Күнделікті экономикалық өмірде адамдар арасындағы қатынастар әрқашанда белгілі экономикалық жүйе ретінде қызмет жасайды. Экономикалық жүйе - бұл қоғамның белгілі бір тұтастығын, экономикалық құрылымын құрайтын өзара байланысты экономикалық элементтердің жиынтығы; экономикалық игіліктерді өндіру, бөлу, айырбастау және тұтыну процессіндегі қатынастардың бірлігі.

Қоғамның экономикалық жүйесі шағын экономикалық жүйелерден тұрады: үй шаруашылықтары мен кәсіпорындар.

Үй шаруашылықтары дегеніміз отбасы шеңберіндегі ресурстар иелері мен тұтынушыларды көрсететін шағын жүйе.

Фирма (кәсіпорын) дегеніміз шеңберінде қажетті ресурстарды пайдаланып, экономикалық игіліктер мен қызметтерді өндіретін шағын жүйе.

Кез-келген экономикалық жүйеге өзінің ұлттық қызмет атқару механизмі тән болады. Ол «шаруашылық механизмі» деген түсінікпен айтылады және өндірісті ұйымдастыру түрлері мен оны басқару құрылымынан тұрады. *Шаруашылық механизмінің сипаты мен құрылымы өндірістің шеңбері мен салаларының және қоғамдық өндіріс құрылымының ерекшеліктеріне байланысты болады.*

Қоғамдық-экономикалық формацияны экономикалық іргетас пен қондырғы құрайды және ол бес түрлі кезеңдерден тұрады:

1. алғашқы қауымдық;
2. құл иеленушілік;
3. феодалдық;
4. капиталистік;
5. коммунистік.

Әр түрлі экономикалық жүйелер негізгі экономикалық сұрақтарды өздігінше шешеді. Әлемдік экономикалық әдебиеттерде экономикалық жүйені топтау кең таралған екі фактор негізінде жүргізіледі:

1. Меншік түрлері бойынша;
2. Экономиканы ұйымдастыру түрлері бойынша.

Осындай әдістер негізінде экономикалық жүйелерді төмендегідей түрлерге бөледі:

- а) дәстүрлі экономика;
- ә) әкімшілдік-әміршілдік экономика;
- б) еркін бәсекелестік (таза капитализм) нарықтық экономика;
- в) қазіргі нарықтық экономика (қазіргі капитализм) немесе аралас экономика.

Экономикалық жүйені мынадай түрлерге бөледі:
-ескі технологияға негізделген, қол еңбегі кең тараған, көп экономиканың тәртіпті және ғасырлық салт-дәстүрлері қалыптасқан, әлсіз дамыған елдерде кең тараған **дәстүрлік жүйе**. Дәстүр ұрпақтан-ұрпаққа тарап нені, қалай, кім үшін өндірілетіні солармен анықталады. Уақытпен белгіленген және арнаулы рәсімдермен қолданылатын дәстүр өндірісті, айырбастауды, бөлуді және табысты тұтынуды анықтайды;

Әміршіл – бұл экономикалық жүйеде өндіріс, бөлу, айырбас және тұтыну туралы барлық шешімді мемлекет қабылдайды. Мемлекет диктаторлық болып табылады, оның жеке меншігі өндірістің барлығына және жерге тараған, қабылданған экономикалық шешімдер орталықтанған міндетті жоспарлауға негізделеді;

-нарықтық экономикада шаруашылық шешімдерін әрбір экономикалық агент өз бетімен қабылдайды. Ол еркін кәсіпкерлікке, бәсекелестікке және жеке меншікке негізделген. Нені өндіру қажет, ол, мына немесе басқа тауарға сұраныс беретін тұтынушымен анықталады. Қалай өндіру қажет, оны өндірістің ұстанымы мен табыстың жоғары болуын есептейтін өндіруші шешеді. Кім үшін шығарылуы қажет, кімнің ақшасы бар, соның пайдасына өндіруші шешеді;

-аралас экономика - негізгі экономикалық мәселелерді шешуде маңызды рөл ойнайтын мемлекет пен жеке сектордың экономикалық жүйесімен бірге жұмыс істейді. Сонымен бірге экономикалық және әлеуметтік мәселелерді шешудегі мемлекет рөліне байланысты, аралас экономиканың моделі бөліп көрсетіледі.

Д.Белл - америкалық әлеуметтанушы, ол өзінің теориясында қоғамның үш құрауышын бөліп көрсетеді:

әлеуметтік құрылым;
мемлекеттік құрылым;
мәдениет.

Д.Белл теориясы қоғам дамуының үш негізгі кезеңін анықтайды: *индустриалдыққа дейінгі қоғам, индустриалдық қоғам, постиндустриалдық қоғам.*

Индустриалдыққа дейінгі қоғам - дамымаған өндірістік күштермен, табиғатқа күн көрістің қайнар көзі деп қарау қажеттілігімен ерекшеленеді.

1. Өндіріс құралдарының түрі - *еңбектің қол қарулары;*
2. Жетекші сектор - *ауыл шаруашылығы;*
3. Себептік байланыс түрі - *дәстүрлер мен сыртқы экономикалық еңбекке мәжбүрлеу;*
4. “Қоғамдық” адамның түрі-дәстүрлі *“патриархалдық” адам.*

Индустриалдық (экономикалық)

қоғам машина, өнеркәсіптік өндіріс негізінде құрылады.

1. Өндіріс құралдарының түрі - машина;

2. Жетекші сектор - индустрия;

3. Себептік байланыс түрі - материалдық (ақшалай) ынталандыру;

4. “қоғамдық” адамның түрі - “экономикалық” адам.

Постиндустриалдық (кейінгі экономикалық) қоғам тауарлар өндірісінен қызметтер көрсету өндірісіне ауысуымен; ғылым мен жаңалық енгізулердің, сондай-ақ мамандардың жоғарғы деңгейдегі маңыздылығымен ерекшеленеді.

1. Өндіріс құралдарының түрі - информатика;
2. Жетекші сектор - ғылым;
3. Себептік байланыс түрі - шығармашылық;
4. “қоғамдық” адамның түрі - әлеуметтік-ізденімпаз “әлеуметтік адам”.